Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Бөлімі:	**«Презентациялар» (ортақ тақырыбы: «Су – өмірдің қайнар көзі»)**
Педагогтің аты-жөні:	**Купбаева Д К**
Күні:	**10.04.2025**-15.04.2025
Сыныбы: 3А В К	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Анимация және ауысу**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	3.2.3.2 слайдтар арасында ауысуды қолдану;
Сабақтың мақсаты:	● Слайдтар арасында ауысулар қолдануды үйренеді

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің ісәрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: 1-7 мин.	***Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу*** **І. Қызығушылықты ояту: «Бірлік» әдісі** Оқушылар шағын топ құрамында бір қолын жұдырыққа жұмып, бір мезгілде саусақтарын ашады. **Мақсат**: оқушылардың барлығы да бірдей саусақ санын көрсетуі керек. Ойын оқушылардың біркелкі саусақ көрсеткенге дейін жалғасады. Ойын кезінде оқушылар сөйлеспеуі керек. /Бұл оқушыларға психологиялық жағымды ахуал туғызады, ынтымаққа баулиды/.			
Топтастыру:	**Топтастыру** Оқушылар шеңбер бойымен тұрып, үштікке саналып үш топқа бірігеді. ***І топ: «Бірінші», ІІ топ: «Екінші», ІІІ топ: «Үшінші»*** ***Мақсаты:*** Белсенді оқу, оқушының мұғалімді мұқият тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту мен оқу әдістерінің бірі болғандықтан оқу мақсаттарына қол жеткізуде оқушылардың қажеттіліктерін, қабілет деңгейлері мен қызығушылығын ескере отырып топтастыру жоспарланды. ***Тиімділігі***: Топтық жұмыста – бір-бірімен ой бөлісіп, пікірлесуге, өз ойын ортаға салуға; жұптық жұмыста – ақылдасып, келісімге келуге, өзгенің пікірін тыңдап, құрметтеуге; жеке жұмыста – өзіндік пікір қалыптастырып, сын тұрғысынан ойлануына мүмкіндік болады. ***Саралау:*** Оқытудың қажеттілігіне қарай топ құруда саралаудың ***«Жіктеу»*** тәсілі қолданылады.			
(МК, Ұ) Ой қозғау. ***«Миға шабуыл» әдісі.***	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	✔ Елімізде орналасқан қандай су қоймаларын білесің? ✔ Бұл су қоймалары не үшін салынады? (1-сурет) ✔ Осы тақырыпта қандай презентация жасау идеясын ұсынар едің? Ойынды ортаға сал.	**Қалыптастырушы бағалау** Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігі мен сұрақтарға жауап беру деңгейіне қарай *«Смайликтер» әдісі* арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері

Жаңа сабаққа дайындық.	**Мақсаты:** Алдыңғы білім мен жаңа білімді ұштастыру үшін жетелеуші және түрткі сұрақтарды талқылау. **Тиімділігі:** Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (26 мин)	**II. Мағынаны ашу (білімді өзектендіру үшін)** ***Оқулықпен жұмыс істеу. «Жауап беретін әріптес» әдісі*** Оқушылар алдымен мәтінді толық оқиды. Содан соң, оқушылар досын немесе топты өз жұмысына түсініктеме беруге, талқылауға шақырады. Бұл үдеріс тиімді жүруі үшін оқушылар оқу мақсаты мен табыс критерийлерін білуі қажет. Олар сонымен бірге жауап беретін әріптестің рөлін бағалауы – оқу	**Дескриптор** ✔ Оқулықтағы мәтінді оқиды. ✔ Топта бір-бірімен топтық талқылау жүргізеді. ✔ Оқулықта берілген практикалық жұмысты орындайды. ✔ Бір-біріне сұрақтар қойып, түсінбеген тұстарын толықтырады.	**Қалыптастырушы бағалау** Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырма орындау деңгейіне қарай *«Смайликтер» әдісі* арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
	мақсаттарына сәйкес құрылымды және жағымды кері байланыс ұсынуы тиіс. Оқушыларға жұмысты орындап жатқан адамға қоятын сұрақтар тізімі берілуі мүмкін. /Бұл әдіс оқушылардың жаңа сабақтың ақпаратымен танысуға, өзара талқылауға, бір-біріне сұрақ қоюға тиімді болып келеді./			

	Топтық жұмыс **1-тапсырма** Өздерің тұратын аймақтағы су көздерінің (өзен, көл) бірін таңдап, параққа 3 слайдтан тұратын презентацияның схемасын ұсыныңдар. 1-парақта: Су көзі жайлы жалпы ақпарат. 2-парақта: Су туралы мақал немесе өлең жолдары, жұмбақтар. 3-парақта: Су көзінің суреті. Слайдтан слайдқа ауысу әсерінің түрі, көрсету уақыты, дыбыс таңдауы сияқты параметрлерді жоспарлаңдар.	***Дескриптор*** ✔ Өздері тұратын аймақтағы су көздерінің (өзен, көл) бірін таңдайды. ✔ Параққа 3 слайдтан тұратын презентацияның схемасын ұсынады.	***Қалыптастырушы бағалау*** Топтағы оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырма орындау деңгейіне қарай бір-бірін *«Смайликтер» әдісі* арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
	Жұптық жұмыс **2-тапсырма** **Время показа слайдов** бөліміндегі командалардың атауын жазып, қызметін анықтаңдар (7-сурет).	***Дескриптор*** ✔ **Время показа слайдов** бөліміндегі командалардың атауын жазады. ✔ Олардың қызметін анықтайды.	***Қалыптастырушы бағалау*** Жұптасқан оқушылар бірбірінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырма орындау деңгейіне қарай бір-бірін *«Смайликтер» әдісі* арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
	Жеке жұмыс **3-тапсырма** ✔ **Ауысудың** анимациялық әсерлерінің көрсетілім кезінде қандай көмегі бар? ✔ Презентацияға безендіру мен ауысуды қолданудың қандай айырмашылығы бар? ✔ Слайдтарды тінтуірмен және уақытпен ауыстырудың екі түрі де қолданылатынын білдік. Оларды қандай мақсаттарда қолданады? Қайсысын қолданған тиімді? Неге?	***Дескриптор*** ✔ Бір сұраққа жауап береді. ✔ Екі сұраққа жауап береді. ✔ Үш сұраққа толық жауап береді.	***Қалыптастырушы бағалау*** Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу белсенділігі мен сұрақтарға жауап беру деңгейіне қарай өзін-өзі *«Смайликтер» әдісі* арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері

Сабақтың соңы *7 мин.* **Сабақты бекіту. Рефлексия.**	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **Жеке жұмыс: «ВЕЕР» әдісі** Сабақты бекіту, яғни қорытындылау үшін оқушыларға веер жасау тапсырмасы беріледі. Қағазды веер етіп бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.	**Қалыптастырушы бағалау** Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырманы орындау деңгейіне қарай *«Смайликтерз» әдісі* арқылы бағалайды. **Мақсаты:** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.